

## Түсіндірме іс шарасының хаттамасы

Атырау қаласы

30.03.2023 жыл

**Өткен орны:** ШЖҚ КМК «№7 Атырау қалалық емханасы» акт залы

**Қатысқандар:** Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) маманы Лұқпанова Динара Нұрланқызы, емхана басшылығы мен қызметкерлері (47 адам).

**Күн тәртібі:** Тақырыбы: «Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру туралы» Заңын түсіндіру.


ШЖҚ КМК «№7 Атырау қалалық емханасы»-нда 2023 жылдың 30 наурызында Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) маманы Лұқпанова Динара Нұрланқызының қатысуымен түсіндірме іс шарасы өтті.

### Сөйлегендер:

1) Емхана директоры **Г.А.Танбаева** жиынға қатысып отырған маман Динара Лұқпанова Нұрланқызымен таныстырып, жалпы емхана бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытта жасалынып жатырған жұмыстарға тоқталып өтті.

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің маманы **Лұқпанова Динара Нұрланқызы** өз кезегінде «Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының нормаларын түсіндіріп, жиналған емхана қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының негізгі бағыттарымен таныстырды. Өңірдегі комплаенс қызметі бойынша жұмыстардың барысын хабарлады. Семинар барысында жаңа нормативтік құқықтық актілердің қабылдануымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы өзгерістер туралы жан-жақты айтып өтті. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес субъектілерінің шеңберін және олардың өкілеттіктерін кеңейту туралы, қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлық субъектілері және квазимемлекеттік сектордың қызметкерлері, жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатынын, олар өз қызметі барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын қабылдау қажеттігіне тоқталып өтті. Бірыңғай тегін call-орталықтың жұмыс істейтінін, 1424 қысқа нөміріне қоңырау шалу арқылы кез келген қазақстандық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кеңес ала алатынын немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері туралы хабарлай алатынын хабарлады.

Сөз соңында шараға қатысушы емхана қызметкерлерінің барлық сұрақтарына жауап берді.

Директор:  Г.А.Танбаева

Хатшы:  А.Т.Кумарғалиева